

Қамқоршылық кеңесінің №3 хаттамасы

Атасу ЖОББ мектебі

28.01.2021 ж.

Қатысқандар: қамқоршылық кеңес мүшелері, қоғамдық комиссия мүшелері, мектеп әкімшілігі

Қатыспағандар: болған жоқ

Жиналысты ашқан қамқоршылық кеңес төрайымы Кеншімова С.К - Байдалы би ауылдық округінің кітапханашысы

Күн тәртібінде:

1. Мектеп асханасынан бір мезгілдік ыстық тамақпен қамтылатын оқушыларды анықтау
2. Асханадағы санитарлық-гигиеналық жағдайын бақылау, тамақ беруге асхананың дайындығын анықтау

Тыңдалды.

1. Тусупбаева С.Ж – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары 2019-2020 оқу жылында №149 бұйрықпен 28 оқушыға тегін тамақ берілген, тамақтың сапасын, берілу кестесін, қоймала сақталуын арнайы қоғамдық комиссия тексеріп, анықтамалары жазылып отырған. 2020-2021 оқу жылы ақпан айынан бастап мектеп асханасынан бір мезгілдік ыстық тамақ беруі үшін аудандық білім бөлімінің келген құжаттармен таныстырды. Осыған орай мектебімізде көпбалалы, азқамтылған отбасынан барлық балалардың құжаттарын тексере келе, ата-аналарының өтініштері және сынып жетекшілерімен әлеуметтік педагогтың үй жайларын аралап жасаған актілері бойынша 28 баланың құжаттары алдарыңызда, 1-2 сынып оқушылары жаппай бір мезгіл тамақ ішетінің айтып, қамқоршылық кеңесі мүшелеріне оқушылардың құжаттары көрсетілді.
2. ҚК төрайымы С.К.Кеншімова – Асханадағы санитарлық-гигиеналық жағдайын бақылау, тамақ беруге асхананың дайындығын анықтау мақсатында тексеріс жүргізілді. Тексеріс қорытындысында асхана тазаланып жуылған, тамақ сақтайтын қойманы әктеу тапсырылды. Ыдыс – аяқ, қабық, күрешкелер бала санына жеткілікті. Тамақ дайындауға арналған 1 пеш, 2- мұздатқыш, 1- су жылытатын қондырғы жұмыс істеп тұр. Ыдыстарды кептіретін сөрелер бар. Шикі және піскен тамақтарды қоятын үстелдер таланка сай. Тамақ ішуге арналған үстелдерге ара қашықтықты ескере отырып, белгілер қойылған. «Ас мәзірі», «Ас – адамның арқауы» атты стенділермен безендірілген. Балаларды тамақтандыруға асхана дайын. Тамақ сақтайтын қойманы ретке келтіру мердігер М.Оспанова айтылу керек.

Сөйледі:

1. Игенбекова Г.Р – қамқоршылық кеңесі мүшесі, үй шаруасындағы ана. Өткен оқу жылында балаларға тамақ берілгенде келіп сапасын, құрамын тексеріп тұрғанын айтты.
2. Сағымбеков А.М - қамқоршылық кеңесі мүшесі, әкімшілік қызметкері тамақтануға берілген оқушылардың құжаттарын тексере келе тегін тамақтануға байланысты 28 оқушыға бір мезгілдік ыстық тамақпен қамтылуына келісеміз.

Шешім:

1. Мектеп асханасынан бір мезгілдік ыстық тамақпен 2-9 сынып оқушыларынан 28 оқушы тегін ыстық тамақпен камтылсын;
3. Құжаттарын аудандық білім бөліміне тапсыру әлеуметтік педагог А.Е. Райымбековаға жүктелсін

Қамқоршылық кеңес мүшелері :

Сағымбеков А.М – мүшесі

Игенбекова Г.Р – мүшесі

Амансарина А.А – мүшесі

Рахымжанов Қ.Р – мүшесі

Мұханов А.Т – мүшесі

Қуанышбеков Ж.О – мүшесі

Сатбергенов Т.М – мүшесі

Қолабаева А.Қ – мүшесі

Шешім ашық дауыс беру арқылы бірауыздан қабылданды.

Торайымы: Кеншимова С.

Хатшы: Жүніс А